

2022-2023 оқу жылындағы 2 «Ә» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмысына ТАЛДАУ

Мақсаты: Балаларда оқуга және ұжымдағы қарым-қатынасқа құндылық көзқарасын қалыптастыруға ықпал ету. Сөйлеу дағдыларын, тыңдай білуге, өз пікірін айта білуге дағдыландыру. Оқушылардың физикалық және эмоционалдық саулығын қолдау. Өзгелерді және олардың пікірлерін құрметтеуге және толеранттылыққа тәрбиелеу.

2022-2023 оқу жылында 2 «Ә» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмыстарында «**Құндылықтарға негізделген білім беру**» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізілді. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

«**Құндылықтарға негізделген білім беру**» бағдарламасы білім алушылардың өзін-өзі тануын, өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етті. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан беріліп отырылды.

Жүргізілген іс-шаралар: Бірге уақыт өткізуге арналған ойын іс-шаралары және топтық тапсырмалар үйимдастырылды. Өзара көмек, достық тақырыбында кездесулер, әңгімелер өткізілді. Балалар өз ойын еркін айтуға, бірін-бірі тыңдауға үйренетін қарым-қатынас сабактары өткізілді. Балаларға қатысты тақырыптар бойынша пікірталастар үйимдастырылды. Дене белсенділігін сақтау үшін жаттығуларға арналған сайыс-сабак өткізілді. Эмоционалды интеллекті дамытуға арналған психологиялық тренингтер мен ойындар үйимдастырылды. Толеранттылық және басқалардың пікірін құрметтеу туралы сабактар өткізілді. Мәдениеттер мен дәстүрлердің әртүрлілігін көрсететін іс-шараларды үйимдастырылды.

Оқу жылында келесі тәрбие сағаттары өткізілді:

- Қыркүйек: «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Білім бәйгесі» сынып сағаттары, «Жайлыштық» операциясы тәрбие сағаты, «Күз кереметтері», «Әкем, анам және мен!» отбасылық сайысы, «Біз бақытты баламыз!», «Денсаулыққа пайдалы кеңестер» әңгіме.
- Қазан: «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік», «Бағдаршам бізде қонақта», «Мектеп кітапханасына саяхат» тәрбие сағатты

- Қараша: «Мен ерекше баламын» тәрбие сағаты, «Тоғызқұмалақ day» сайысы, «Білгіштер» интеллектуалды ойыны, «Пайдалы тамақтану негіздері» сынып сағаты.
- Желтоқсан: «Олар - Отан үшін от кешкендер» сынып сағаты, «Ел сүйсінер ұлан бол!» тәрбие сағаты, «Судың да сұрауы бар» әнгіме.
- Қаңтар: «Тәртіп-тәрбие тастауы» тәрбие сағаты, «Әкешім-қамқоршым», «Әлемнің жеті кереметі» сынып сағаттары, «Сынып дарабозы» сайыс-сабағы.
- Ақпан: «Әдептілік-әдемілік», «Қазақ поэзиясының хантәндірі- Мұқағали», сынып сағаттары, «Сөзмерген» сайыс-сабағы, «Бақытың да, байлығың да – денсаулық» әнгіме.
- Наурыз: «Еңбектің пайдасы», «Ана деген – теңдесі жоқ ұлылық», «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» сынып сағаттары.
- Сәуір: «Мениң арманым» шығарма байқауы, «Жұлдызға апарар жол», «Тәртіпке бағын жасынан», «Жеке гигиена – өте маңызды» сынып сағаттары.
- Мамыр: «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан» тәрбие сағаты, «Табиғаттың тамаша кезеңдері», «Қасиет тұнған қастерлі құндылықтар» сынып сағаттары.

Мектепішілік іс-шараларға және сыныптан тыс іс-шараларға белсене қатысты:

- «Білім күні» салтанатты іс-шарасы;
- «Мениң жазғы демалысым» суреттер байқауы;
- «Мениң Отаным- Қазақстан» диктант байқауы;
- «Әжеме сыйлық» қарттар күніне арналған іс-шара;
- «I love English» сыныптан тыс іс-шара;
- тәжірибелік сабактарды ұйымдастыру және өткізу, төтенше жағдайларда «Өрт қауіпсіздігі» практикалық дағдыларын қалыптастыруға үйрету;
- Тәуелсіздік күніне арнаған іс-шара;
- «Жаңа жылдың жарқырайды шамдары» мерекелік іс-шара;
- «Көңілді информатика» интеллектуалды сайысы;
- «Спортпен дос болайық!» спорттық жарыс;
- «8 наурыз – Халықаралық эйелдер күні» мерекелік іс-шарасы;
- «Төрлет, Наурыз!» мерекелік іс-шарасы;
- «Кеттік, ғарышқа!» қолданбалы өнер байқауы;
- «Сыныптың үздік оқырманы» кітап оку байқауы;
- «Женіс күні» мерекелік концерті.

Қорытынды: 2 «Ә» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмысы оқушылардың жеке тұлғасының үйлесімді дамуына ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құрды. Нәтижелер оқушылардың оқуға деген қызығушылығының артқанын, сыншылардың атмосфера жақсарды, оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайып, ынтымақтастық пен өзара көмек көрсету дағдыларын дамытатынын көрсетті.

Сынып жетекші:



Ажибаева А.С.